

Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды балаларға арналған №3 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты

2021-2022 оқу жылы

27-31 желтоқсан аралығында өткізілген іс-шаралар жоспарының ТАЛДАМАСЫ

31 желтоқсан

Апталық жоспарға сәйкес 27-31 желтоқсан аралығында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарлары күнделікті тексеріліп, жас мамандарға қысқа мерзімді жоспар құру бойынша әдістемелік ұсынымдар айтылды.
2. Пән мұғалімдерінің электронды журналды уақытылы жүргізілуі күнделікті бақыланып, есеп берілді.
3. Оқушылардың сабаққа қатысулары күнделікті сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, сабақ босатқан оқушылардың себептері бойынша есеп алынды.
4. 7-11-сыныптарда Бөлім бойынша жиынтық бағалау, Тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізіліп, академиялық адалдықтың сақталуы, баға қою объективтілігі қатаң бақылауға алынды. Пән мұғалімдерінен жиынтық бағалау жұмыстарының сапалы құрастырылуы талап етілді.
5. Сынып жетекшілері сынып оқушыларының оқу үлгерімдері мен босатқан сағаттары бойынша есеп тапсырды.
6. Пән мұғалімдерінен жиынтық бағалау жұмыстарының сапалы құрастырылуы талап етілді. Әр пән мұғаліміне жиынтық бағалау жұмыстарының құрылымы, тапсырмалардың деңгейлері бойынша ауызша ұсынымдар айтылды.
7. 8-11-сынып оқушылары арасындағы «Олимпиадалық резерв» мектебінің жұмысы қадағаланды.
8. ЖМБ пәндері бойынша мектепшілік «Олимпиадалық резерв» мектебінің құрамына кірген 7-8-сынып оқушылары және пән мұғалімдерімен отырыс өткізілді. Отырысқа 6 пәннен келешекте пән олимпиадаларына қатысатын, пәнге деген қызығушылықтары бар 12 оқушы қатысты. Оқушыларға «Олимпиадалық резерв» мектебінің мақсаты, жұмысы туралы түсініктер берілді.
9. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ахат А.Д., Оңғарбай Ж., Даулеткалиева Т.Б. «Абайтану» республикалық олимпиадаға қатысатын оқушылармен дайындық жұмыстарын жүргізді.
10. Элективті, таңдау бойынша пәндер, жеке және топтық курстардың отуі қадағаланды.
11. Пән мұғалімдері каникул уақытында пәндер олимпиадасына дайындық жүргізу мақсатында оқушыларға тапсырмалар берді, қажетті интернет ресурстарын ұсынды.